

ЖҰМЫССЫЗДАРҒА КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бейсенбаева Жайна Адихановна<sup>1</sup>  
Сангилбаев Оспан Сейдуллаевич<sup>2</sup>

**Аңдатпа**

Мақалада жұмыссыздарға кәсіби бағдар беру мәселелерінің педагогикалық-психологиялық бағыты бойынша теориялық негіздері қамтылған.

Кәсіби бағдар беру жұмыссыздардың мотивациялық кәсіптік ниеттерін қалыптастырады, олардың негізіне жұмыссыздардың әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін саналы ұғынуы қарастырылған.

*Түйін сөздер:* кәсіби бағдар, кәсіптік бағдарлау, жұмыссыздық, мотивация, психоэмоционалды күй, стресс, ішкі тұлғалық конфликт т.б.

**Annotation**

The article contains theoretical bases on pedagogical and psychological direction of problems of professional orientation of the unemployed.

Professional orientation forms the motivational professional intentions of the unemployed, based on a conscious understanding of the socio-economic needs and opportunities of the unemployed.

*Keywords:* professional orientation, vocational guidance, unemployment, motivation, psycho-emotional state, stress, internal personal conflict, etc.

Қашанда өзекті мәселелердің бірі жұмыссыздық экономиканың тұрақтылығы еңбек нарығында жұмысқа деген сұранысты тудырады. Жылдан-жылға жұмыссыздық деңгейі әр қилы болып келеді. Дағдарыстық жағдаяттарға жататын жұмыссыздықтың психологиялық аспектілерін ғылыми талдау келесі тұжырым жасауға мүмкіндік береді: адамдардың жұмысынан айырылуы әртүрлі жағдайлардың әсерінен туындайды. Оларға психоэмоционалды күйдің өзгеруін, өз болашағы үшін мазасыздану деңгейінің артуын, депрессивті күйлердің пайда болуын, мотивациялық қалаулардың төмендеуін, тұлғаның девиантты мінез-құлқына әкелетін әлеуметтік фрустрацияның пайда болуына жатқызуға болады. Соған байланысты әлемнің барлық елдері жұмыссыздық деңгейін барынша төмендетуге тырысады, себебі бұл көрсеткіш елдегі тұрақтылыққа және мемлекеттік дамуының тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Көптеген ғалымдардың мәліметтері бойынша, тұлғаның кәсіби бейімділіктерін және тұлғалық қасиеттерін зерттеу, сонымен бірге түзету шараларын жүргізу жұмыссыздық мәселесін тиімді шешуге мүмкіндік береді [1, 23 б]. Қазіргі Қазақстандағы осындай зерттеулердің болмауына байланысты, кәсіптік бағдарлаудың психологиялық негіздерін

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті 6D010300- Педагогика және психология мамандығының Алматы, Қазақстан **e-mail:** [psiholog\\_jaina@mail.ru](mailto:psiholog_jaina@mail.ru)

<sup>2</sup> психология ғылымдарының докторы, профессор Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан **e-mail:** [ospan\\_seidulla@mail.ru](mailto:ospan_seidulla@mail.ru)

зерттеудің өзектілігі мемлекеттік маңызға ие болады. Миллиондаған адамдар өздерінің экономикалық және әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жұмыс орнын ауыстырамы деп біраз уақыт жұмыссыз қалады. Ол көбінесе 2 айдан 6 айға дейін созылады. Сонымен бірге миллиондаған дипломы бар мамандар, ондай дайындық деңгейін талап етпейтін қызметтерде жұмыс жасайды, ал бұл құрылымдық, яки салалық жұмыссыздықтың орын алып отырғанын көрсетеді.

Сондықтан да жұмыссыздардың кәсіби іс-әрекеті мен мамандықты дұрыс таңдауға деген саналы дайындығының ішкі субъективті факторларын зерттеу қажеттілігі педагогика және психология ғылымдары үшін әрқашан да маңызды орынға ие. Соның негізінде «Кәсіптік бағдарлау», «Мамандық таңдау», жұмыстары отандық педагогика ғылымында толыққанды жете зерттелмеген тақырыптардың әрі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Ол үшін кәсіптік бағдарлау ұғымының мәнін ашу қажет. Кәсіптік бағдарлау (профорентация) - бұл еңбек нарығындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды және тұлғаның ерекшеліктерін есепке алып, тұлғаны кәсіп таңдауға даярлауға бағытталған ғылыми-негізделген іс-шаралар жүйесі. Кәсіптік бағдарлау келесі бағыттарды қамтиды: кәсіптік ағарту, кәсіби кеңес беру және психологиялық қолдау [2, 54 б].

Кәсіптік бағдарлаудың ғылыми-негізделген жүйе ретінде пайда болуына қоғамдық құрылымның, экономиканың, ғылымның ұзақ даму тарихы ықпал етті. Кәсіптік іріктеуге арналған тесттерді қолданудың бірінші үлгілерін ежелгі аңыздарды және тәмсілдерде (Ежелгі Вавилонда, Қытайда және т.б), сонымен бірге адамдардың қабілеттерін тексеру жүйесі болған антикалық жазбаларда кездестіруге болады.

XX ғасырдың басына қарай (кәсіптік бағдарлаудың бірінші зертханаларының пайда болу уақытында) кәсіпті таңдау мәселесімен жұмыс іздеу мақсатында қалаға қоныс аудара бастаған адамдардың біршама санының артуы, түбегейлі жаңа мәселеге айналды, бұл бірқатар елдерде кәсіпорын өндірісінің жедел өсуімен байланысты болды. Аса күрделі, жаңа техника мен технологияны ендірудің өзі олармен жұмыс істеуге адамдардың барлығының қабілетті болмауына әкелді.

Осылайша, XIX ғасырдың соңында – XX ғасырдың басында жаңа жұмыс орындарына үміткерлердің тұлғалық сапаларын есепке алатын арнайы кәсіптік бағдарлау қызметін дамыту қажеттілігі қалыптасты [3, 17 б].

Республикадағы жастар жұмыссыздығының басты себебі – жұмыссыздардың барлық жас топтарына ортақ себеп – өндірістің барынша құлдырауы, көптеген салаларды қаржыландырудың қысқаруы. Көптеген жұмыссыздардың алдында күрделі әлеуметтік-психологиялық мәселелер туындайды. Қоғамдық дамудың қазіргі сатысы, ең алдымен өзінің әлеуметтік өзгерісінің тереңделуімен сипатталуда. Бұл жағдай өзінің көрінісін құндылықтар жүйесінің жаңаруынан, әрбір адамның өзінің болмысының мәнін түсінуінен, өмір мағынасы мен мақсатына байланысты шешімді жеке қабылдауынан туындайды. Егер де олар адамның өзінің құндылықтар жүйесінде адекватты өзгерістермен сайланбаса, сырттан әсер ететін кез келген өзгерістер жағымсыз психологиялық салдарға алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайларда тұлғаның бейімделу механизмдерінің қалыптасуының жеткіліксіз деңгейі көрінеді. Міне, осындай жағдайларда ішкі тұлғалық конфликт орын алады.

Сондай-ақ, жұмыссыздық барысында адамдар көптеген уайымдаушылықты, стресстік жағдайларды, ішкі тұлғалық конфликттерді бастан кешіреді, яғни осы мәселелердің психологиялық мәнін терең зерттеуге өзекті қажеттілік туындайды. Сондықтанда алдағы уақытта халық шаруашылығындағы мамандар өндірістік оқудың материалдық базасының мүмкіндіктерін, қалалық және ауылдық мектептердің мүмкіндіктерін ескере отырып, жұмыссыздарды еңбекке баулудың профильдерін, қоғамдық пайдалы және өнімді еңбегін олардың мақсаты, мазмұнды болуын өз дәрежесінде ұйымдастыру жұмыссыздарға кәсіби бағдар беру арқылы дер кезінде жұмысқа орналастыру арқылы жауапты міндеттер тұр [4, 153 б]. Сол үшінде мектеп қабырғасынан бастап жүргізілетін кәсіптік бағдар жұмыстарына мықтап көңіл бөлуі керек деп ойлаймыз. Осындай жағдайда олар бірнеше мамандық ішінен өзіне керегін таңдай алмай адасады. Сол себептен де жұмыссыздардың мамандық таңдауында оларға бірден бір көмекшілері ретінде оның сынып жетекшісі, психолог, пән мұғалімдері, ата-аналары болмақ. Бірақ оны іске асыру үшін және кәсіптік мамандықтарды игермес бұрын кәсіптік бағдар жұмыстарына үлкен көңіл бөлуі қажет [5, 266 б].

Кәсіптік бағдардың қоғамдық мәселе ретіндегі мәні қоғамның кадрларға деген сұранысын, ондағы қайшылықты басып өтуден жастардың кәсіптік талпынысынан көрінеді. Әрине, бұл қайшылықты шешуде педагогикалық ұжымның, мұғалімдердің, оқушылардың еңбектік және кәсіптік дайындығына жауаптылардың іс-әрекеті басты роль атқарады. Жұмыссыздардың кәсіби бағдарлау жұмыстарын тек қана педагог-психолог мамандар ғана айналыспауы керек. Аталған мәселені ел, қоғам алдындағы мәселе десе де болады, оны шешу үшін тек қана психологтардың көмегі ғана емес, жұмыспен қамту орталықтарының, мектептің, мектепаралық оқу-өндірістік комбинатының, кәсіптік техникалық мектептің, кәсіптік техникалық лицейдің, кәсіпорындардың, бұқаралық ақпарат құралдарының, мемлекеттік еңбекпен қамту қызметінің және т.б. ұйымдасқан бірлескен іс-әрекеті болуы қажет деп санаймыз.

Осыған дейінгі мемлекет ұсынған «Жол картасы» бағдарламасын іске асыру еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып жатқанымен, әлі де жұмыссыздық проблемасының шешімін табу жолдарын жан-жақты қарастыру қажеттілігі айқын бола бастағаны осы мақала аясында нақтылана түсті. Демек, халықтың жұмыссыздығы дамудың демократиялы жолын таңдаған мемлекетіміздің баянды болашағына теріс ықпал етеді десек те, жұмыссыздарға кәсіби бағдар беру мәселесі әлі де болса теориялық және практикалық зерттеуді қажет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиет тізімі:**

- Волонина Н.А. Безработица молодежи // Психология, социология и педагогика. 2012. № 1.
- Гудкова Е.В. Основы профориентации и профессионального консультирования: Учебное пособие. 2004.
- Трудовое право /Курбанов Р.А., Абузярова Н.А., Зульфугарзаде Т.Э., - Москва, 2015. Сер. 68 Профессиональное образование (2-е издание, переработанное и дополненное)
- Бейсембаев Г.Б., Перленбетов М.А. "Психологические аспекты профориентационной работы". Вестник университета Кайнар №3. 2014 г. стр. 153-162.
- Kassymova, G. K., Arpentieva, M. R., Kosherbayeva, A. N., Triyono, M. B., Sangilbayev S. O., Kenzhaliyev B. K. (2019). Science, education & cognitive competence based on e-learning. the Bulletin, (1), 266–275. <https://doi.org/10.32014/2019.2518-1467.31>